

СИЫРЛАРДЫҢ СҮТ БЕЗІНІҢ ХИРУРГИЯЛЫҚ АУРУЛАРЫН ЕМДЕУДІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ӘДІСТЕРІ

Байкенов М.Т. – в.ғ.к., ветеринариялық медицина кафедрасының доценті, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Аубакиров М.Ж. - ветеринариялық медицина кафедрасының PhD докторы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Абдуллина Г.Т. – магистрант, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Байкенов Р.М. – студент, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

Берілген мақалада сиырлардың сүт безінің хирургиялық ауруларының пайда болу себебінің факторлары қарастырылып, сиырлардың сүт безінің хирургиялық ауруларының этиопатогенезі сипатталды. Бұл аурулардың Қазақстанның түрлі аймақтарында кездесетіні анықталған, соның ішінде біз өзіміздің зерттеулерімізді жүргізген Қостанай облысы Қостанай ауданында. Сиырлардың сүт безінің түрлі хирургиялық ауруларының пайда болу қаупінің жоғары екені және сол ауруларға ұшыраған мал өнімділігінің төмендеуі анықталды.

Зерттеу материалы және зерттеу әдістері. Жұмысты Қостанай ауданы Джамбул ауылдық округінде орналасқан «Ақ-Қудуқ» ЖШС-дегі ірі қара малдарға жүргіздік. Ұсынылған жақпаны қолдану алдында зақымдалған жерді механикалық ластанулардан тазартып, антисептикалық ерітіндімен зақымдалған аумақты шайдық.

Ұсынылған мақалада антисептикалық фармайод жақпасымен ірі қара мал желінінің жарылуын, жаңа пайда болған және іріңді жараларды, соғылуларды, болмашы жараларды емдеу әдістерінің нәтижелері көрсетілген.

Сиырлардың сүт безінің хирургиялық ауруларын алдын алу малды азықтандыру және зоогиеналық нормативтерді сақтауға, организмнің жалпы неспецификалық резистенттілігінің жоғарлауына, және де жарақаттанушылықты алдын алуға бағытталған ұйымдастыру – шаруашылық және арнайы зооветеринариялық шаралар кешені бойында негізденуі тиіс.

Негізгі ұғымдар: ірі қара мал, сүт безі, жарақат, жара, жарылу.

COMPARATIVE METHODS OF TREATMENT OF SURGICAL ILLNESSES OF SUCKLING GLAND FOR COWS

Baykenov M.T. - candidate of veterinary sciences, associate professor of department of veterinary medicine, Kostanay state university of the name of A.Baytursynov

Aubakirov M.Zh. - PhD doctor of department of veterinary medicine, Kostanay state university of the name of A.Baytursynov

Abdullina G.T. - the undergraduate, Kostanay state university of the name of A.Baytursynov

Baykenov R.M. - student, Kostanay state university of the name of A.Baytursynov

In this article of considered etiologic factors of origin of surgical illnesses of mammary gland for cows etiopatogenez is described at the surgical diseases of mammary gland for cows. It is certain that these diseases meet in the different regions of Kazakhstan, including in the Kostanay area of the Kostanay district, where we conducted the researches. The high level of risk of origin of different illnesses of mammary gland is set for cows and decline of their productivity.

Materials and research methods. Work carried out on cattle in LLP "Ak-Kuduk" the Kostanay district, sat down Zhambul. Before application of ointment from the staggered places deleted mechanical contaminations and washed the staggered areas antiseptic solution.

To the offered article the results of application of ointment of farmayod of antiseptic for treatment of cracks skin of udder of cattle, fresh and festering wounds of udder, injuries, scratches are driven.

Prophylaxis surgical illnesses of mammary gland for cows must be based during a complex organizationally - the economic and special veterinary measures, sent to the observance of zoohygenic standards of maintenance and feeding of animals, increase of general nonspecific resistance of organism and decline of the pathogenic affecting cows of different causative agents, and also on the prophylaxis of traumatism.

Keywords: cattle, mammary gland, trauma, wounds, crack.

СРАВНИТЕЛЬНЫЕ МЕТОДЫ ЛЕЧЕНИЯ ХИРУРГИЧЕСКИХ БОЛЕЗНЕЙ МОЛОЧНОЙ ЖЕЛЕЗЫ У КОРОВ

Байкенов М.Т. – к.в.н., доцент кафедры ветеринарной медицины, Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова

Аубакиров М.Ж. - PhD доктор кафедры ветеринарной медицины, Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова

Абдуллина Г.Т. – магистрант, Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова

Байкенов Р.М. – студент, Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова

В данной статье рассмотрены этиологические факторы возникновения хирургических болезней молочной железы у коров, описан этиопатогенез при хирургических заболеваниях молочной железы у коров. Определено что данные заболевания встречаются в различных регионах Казахстана, в том числе и в Костанайской области Костанайского района, где мы проводили свои исследования. Установлен высокий уровень риска возникновения различных болезней молочной железы у коров и снижения их продуктивности.

Материалы и методы исследования. Работу проводили на крупно рогатом скоте в ТОО «Ақ-Қудуқ» Костанайского района, село Джамбул. Перед применением мази с пораженных мест удаляли механические загрязнения и промывали пораженные участки антисептическим раствором.

В предлагаемой статье приведены результаты применения мази фармайодной антисептической для лечения трещин кожи вымени крупного рогатого скота, свежих и гнойных ран вымени, ушибов, царапин и т.п.

Профилактика хирургические болезни молочной железы у коров должна базироваться на протяжении комплекса организационно – хозяйственных и специальных зооветеринарных мероприятий, направленных на соблюдение зоогиgienических нормативов содержания и кормления животных, повышение общей неспецифической резистентности организма и снижение патогенного воздействия на коров различных возбудителей, а также на профилактику травматизма.

Ключевые слова: крупный рогатый скот, молочная железа, травма, раны, трещина.

Саууды жоғарлатумен байланысты мәселелер және алынған сүттің сапасы сүт шаруашылығы саласында аса маңызды өзекті мәселелердің бірі болып қала беруде. Сиярлардың сүт безінің хирургиялық ауруларына шалдығуы еліміздің сүт шаруашылықтарына үлкен шығын келтіруде, ол малдың сүт өнімділігін төмендетуде және сиярларды өнімді қолдану мерзімін қысқартуда [1].

Барлығына белгілі, желін сүтті малдардың осал мүшелерінің болып табылады. Желіннің терісінде және үрпісінде жарылу, әсіресе сауу ережесі бұзылған жағдайларда, сонымен қатар желіннің түрлі зақымдалулары – жара, соғылу және т.б. болуыда мүмкін. Бұның барлығы сүтті табын өнімділігінің төмендеуіне әкеліп соғады, сол себепті заманауи тиімді және қолдануға ыңғайлы препараттарды өңдеу өзекті мәселе болып келеді [2].

Барлық аяқ астынан болған жарақаттар жұқпалы болып табылады және антибактериалды препараттарды қолдану арқылы хирургиялық өңдеуді талап етеді. Қазіргі кезде антибактериалды заттар кеңінен қолданылатын препараттар ретінде ғана емес, сонымен қатар тиімсіз препарат ретінде қарастырылады. Одан басқа, көпшілік мақұлдаған ой бойынша антимиқробты препараттарды қолдану антибиотиктерге және антисептиктерге резистентті микроорганизмдер штаммын тудыратын анықтаушы фактор болып табылады. Әзірше, йод негізіндегі препараттар ерекше орынға ие болып келуде, олар өткен ғасырдың ортасында медициналық тәжірибеге йодофор атты йод кешені енген кезде қайта пайда болды [3].

Ветеринариялық хирургияда сүт безінің хирургиялық ауруларын емдеуде көптеген препараттар, түрлі сипаттағы емдік әдістер қолданылды. Дегенмен олардың барлығы жеткілікті тиімді болмады және өндірістің талаптарын толығымен қанағаттандыра алмады. Сол себепті жаңа препараттарды, ауру жануарларды емдеудің жаңа әдістерін өңдеу және енгізу өзекті және аса маңызды бағыт болып табылады.

Жануарлардың жарақаттануы–ауыл шаруашылық, сонымен қатар үй жануарларының - кеңінен таралған, күнделікті болатын көрінісі деп айтуға болады. Оның себебі негізінен жануарларды күтіп – бағу тәртібінің, оларды пайдалануда ережелерінің, әсіресе өнеркәсіптік мал шаруашылығы жағдайларының бұзылуы болып табылады. Жануарлардың зақымдалуларының арасында ең жиі кездесетіні – жара.

Сүт безінің жарасы оны әртүрлі едірейме істік (сым, ағаш бұтақтары, шеге және т.б.) заттардың, жабайы аңдардың тістеуінен, мүйіздерінің соғуларымен зақымдауы нәтижесінде пайда болады [4].

Сүт безінің хирургиялық аурулары Қазақстанның кез келген аймақтарында, соның ішінде біз өз зерттеулерімізді жүргізген Қостанай облысы Қостанай ауданында кездеседі. Балауды жергілікті белгілер негізінде және жануарлардың жалпы клиникалық жағдайларына қарап қойдық.

Эксперименттік зерттеуімізді 2013 жылдың күз мезгілінде Қостанай ауданында орналасқан «Ақ-Қудуқ» ЖШС бастадық. «Ақ-Қудуқ» ЖШС етті-сүтті бағыттағы іқара-ала тұқымды пі қара малды өсірумен айналысады.

«Ақ-Қудуқ» ЖШС жұқпалы аурулар бойынша сәтті болып келеді.

Зерттеу үшін 6 бас ірі қара мал алынды, оларды ұқсас екі топқа бөлдік: бақылау және тәжірибелік, әрбір топта 3 мал басынан. Барлық жануарларда емдеу алдында сүт безінің хирургиялық ауруларының клиникалық көрінісі бірдей дәрежеде сипатталды. Зақымдалу тереңдігі бойынша олар беткейлі, терең және сүт және үрпі цистернасына жеткен болды. Беткейлі жарада жараланған саңылау арқылы сүттің араласуынсыз қан бөлінді. Терең жара қанның сыртқа бөлінуімен ғана емес, сонымен қатар желін ұлпасында қанның бөлінуі байқалды. Жараланған саңылаулар арқылы сыртқа қанмен бірге сүт бөлініп отырды. Ондай жаралар баяу жазылады, көбінесе қаяу түзілумен, іріңді қабынумен асқынады. Терең және ойық жара көбінесе желінсаумен және үрпі қаяуымен асқынады.

Тәжірибе кезінде малдарға мұқият қарадық. Ол кезде сауығу мерзіміне көңіл бөлдік. Барлық байқалған өзгерістерді бекітіп, журналға енгіздік.

Бірінші топ бақылау: (кесте 1) Іріңді жараны 10%- ды линимент синтомицинмен емдеу. Жақпаны қолданар алдында зақымдалған жерді механикалық ластанудан тазалап, зақымдалған аумақты антисептикалық ерітіндімен шайдық. Жақпаны зақымдалған аумақты толық жауып жұқа қабат етіпқалақша, шыны таяқша, мақта тампонын немесе жай қолды (резеңкелі қолғаб киіп) қолданып жақтық. Ашық жараларға жақпаны жағып, дәке таңғышпен бекіттік. Өңдеуді күн сайын, күніне 2 рет патологиялық процесстің ауырлығына байланысты жүргізіп отырдық. Біздің жағдайымызда емдеудің ұзақтығы 8-10 күнге созылды.

Аяқ астынан пайда болған жараларды 10%- ды линимент синтомицинмен емдеу сызбасы алдында жасалған емдеу сызбасында болды, яғни күніне 2 рет, сайыққанға дейін. Емдеу ұзақтығы жаралану сипатына байланысты болды. Біздің жағдайда, алдын ала калий перманганатымен шаюды қажет ететін терең және жыртылған жара, 5-7 күн ішінде сауықты.

Барлық іріңді жараларда міндетті түрде алдын ала зақымдалған аумаққа стандартты өңдеу жүргіздік. Препаратты қолдану сызбасы: күніне 2 рет, мал толығымен сауыққанға дейін. Ем ұзақтығы 8-10 күн.

Сиыр желінінде терең жыртылған жара байқалған жағдайда зақымдалған жерге 10%-ды линимент синтомицин, күніне 2 рет жақтық. Емдеу ұзақтығы 6-7 күнге созылды.

Кесте 1 –Сүт безінің хирургиялық ауруларын 10% линимент синтомицинмен емдеу сызбасының нәтижелері

№ р/н	Жануар түрі	Балау	Негізгі емі	Өңдеу сызбасы	Өңдеу ұзақтығы
1.	Сиыр 4 жас	Іріңді жара	10% линимент синтомицина	Күніне 2 рет, күн сайын	8-10 күн
2.	Сиыр 3 жас	Аяқ асты жаңа жара	10% линимент синтомицин	Күніне 2 рет, күн сайын	5-7 күн
3.	Сиыр 3 жас	Терең жыртылған жара	10% линимент синтомицин	Күніне 2 рет, күн сайын	6-7 күн

Екінші топ тәжірибелік: (кесте 2). Іріңді жараны фармайод жақпасымен емдеу сызбасы бақылау топтағыдай жүргізілді. Өңдеуді күн сайын, күніне екі рет жүргізіп отырдық. Емдеу ұзақтығы 5-7 күнге созылды. Аяқ астынан пайда болған жараны фармайод жақпасымен емдеу сызбасы алдындағыдай болды, яғни күніне 2 рет сауыққанға дейін. Алдын ала өңдеу жасалмаған шамалы жараларды емдеу 3-4 күнге созылды. Терең жыртылған жара байқалған сиырлардың зақымдалған аймақтарына фармайод жақпасын сауудан кейін барлығы 2 рет, таңертен және кешке (немесе кешке және таңертен) жақтық.

Емдік шаранымалдың клиникалық сауыққанға дейінгі жағдайына дейін жүргіздік. Тері қабаты толығымен қалыпқа келуі, қабыну белгілерінің жоғалуы, малдың жалпы жағдайының жақсаруы сауығудың белгісі болып саналды.

**Кесте – 2 Сүт безінің хирургиялық ауруларын фармайод жақпасымен емдеу
сызбасының нәтижелері**

№ р/н	Жануар түрі	Балау	Негізгі емі	Өңдеу сызбасы	Өңдеу ұзақтылығы
1.	Сиыр 3 жас	Іріңді жара	Фармайод жақпасы	Күніне 2 рет, күн сайын	5-7 күн
2.	Сиыр 3 жас	Аяқ асты жаңа жара	Фармайод жақпасы	Күніне 2 рет, күн сайын	3-4 күн
3.	Сиыр 4 жас	Терең жыртылған жара	Фармайод жақпасы	Күніне 2 рет, күн сайын	3-4 күн

Қорытынды. Жүргізілген экспериментті-клиникалық зерттеулер негізінде және құжаттар талдау нәтижесінде, «Ақ-Қудуқ» ЖШС сиырлардың сүт безінің хирургиялық аурулары жеткілікті түрде кездесетініне көз жеткіздік.

Біз жүргізген зерттеулер бойынша тәжірибелік топта, бақылау тобымен салыстырғанда емдеу тиімділігі ертерек түсті. Көрсетілген нәтижелерді талдай отыра, қорытынды жасауға болады, яғни антисептикалық фармайод жақпасы сиырларда болған іріңді жараны, аяқ астынан болған жарақаттарды емдеуде жоғары емдік тиімділігін көрсетті.

Ешбір жағдайда антисептикалық фармайод жақпасы малдың жалпы жағдайына, жергілікті-тітіркендіруші немесе сезімталдық теріс әсерін көрсеткен жоқ. Жақпанын жараланған беткейде қорғаныш қабықша түзетінділігі, яғни жараның екіншілік індет жұқтыруына жол бермеуі, оның негізгі құндылығы болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Храмов В.В., Григорьева Т.Е., Никитин В.Я., Миролюбов М.Г. Акушерство и гинекология сельскохозяйственных животных. - Колос, 2008. - 159 ст.
2. Семенов Б.С., Лебедев А.В., Елисеев А.Н. и др., Частная ветеринарная хирургия. Колос С., 2006. - 112 ст.
3. Ермаченков Н.Н. Акушерство и гинекология сельскохозяйственных животных. Колос, 1983.-191ст.
4. Полянец Н.И., Подберезный В.В. Ветеринарное акушерство и биотехника репродукции животных: Учебное пособие, 2011г.-345 стр.

References:

1. Hramtsov V.V., Grigorieva T.E., Nikitin V.Y., Mirolyubov M.G. Obstetrics and gynaecology of agricultural animals. Ear, 2008.-159.
2. Semenov B.C., Lebedev A.V., Eliseev A.N., Private veterinary surgery. Earof C., 2006-112.
3. Ermachenkov N.N. Obstetrics and gynaecology of agricultural animals. Ear, 1983.-191.
4. Polyancov N.I., Podberezni V.V. Veterinary obstetrics and biotechnics of reproduction of animals : train aid, 2011г.-345.

Авторлар жөнінде мәлімет

Байкенов М.Т. – ветеринария ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің ветеринариялық медицина кафедрасының доценті, Қостанай қ., Маяковский көшесі 99/1, тел.87142558568, e-mail baikenov-marat@mail.ru.

Аубакиров М.Ж. - ветеринария ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің ветеринариялық медицина кафедрасының PhD докторы, Қостанай қ., Маяковский көшесі 99/1, тел.87142558568, e-mail a-marat@mail.ru.

Абдуллина Г.Т. – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің ветеринариялық медицина кафедрасының магистранты, Қостанай қ., Маяковский көшесі 99/1, тел.87142558568, e-mail gulzato4ka@mail.ru.

Байкенов Р.М. – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің Ветеринариялық медицина мамандығының студенті, Қостанай қ., Маяковский көшесі 99/1, тел.87142558568.

Baykenov M.T. – the candidate of veterinary sciences, the associate professor of veterinary medicine of Kostanay state university of A.Baytursynov, Mayakovsky 99/1, 87142558568, e-mail baikenov-marat@mail.ru.

Aubakirov M.Zh. - the candidate of veterinary sciences, doctor PhD of veterinary medicine of Kostanay state university of A.Baytursynov, Mayakovsky 99/1, 87142558568, e-mail a-marat@mail.ru.

Abdullina G.T. – the undergraduate of speciality 6M120100 – Veterinary medicine of Kostanay state university of A.Baytursynov, Mayakovsky 99/1, 87142558568, e-mail gulzato4ka@mail.ru.

Baykenov R.M. – the student of speciality 5B120100 – Veterinary medicine of Kostanay state university of A.Baytursynov, Mayakovsky 99/1, 87142558568.

Байкенов М.Т. – кандидат ветеринарных наук, доцент кафедры ветеринарной медицины Костанайского государственного университета имени А.Байтурсынова, г. Костанай, ул. Маяковского 99/1, тел. 87142558568, e-mail baikenov-marat@mail.ru.

Аубакиров М.Ж. - кандидат ветеринарных наук, доктор PhD кафедры ветеринарной медицины Костанайского государственного университета имени А.Байтурсынова, г. Костанай, ул. Маяковского 99/1, тел. 87142558568, e-mail a-marat@mail.ru.

Абдуллина Г.Т. – магистрант специальности 6M120100 - Ветеринарная медицина, Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова, г. Костанай, ул. Маяковского 99/1, тел. 87142558568, e-mail gulzato4ka@mail.ru.

Байкенов Р.М. – студент специальности 5B120100 – Ветеринарная медицина, Костанайский государственный университет имени А.Байтурсынова, г. Костанай, ул. Маяковского 99/1, тел. 87142558568.